

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Ғылыми кеңесімен бекітілген

№7 хаттама

«30» маусым 2023 жыл



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В10125 - «Педиатрия»

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	БББ-АМУ-23
	6В10125 «Педиатрия» Білім беру бағдарламасы	Бас. №1 Бет 3 / 161

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Білім беру саласы	Денсаулық сақтау
Оқыту бағыты	Денсаулық сақтау
Білім беру бағдарламаларының тобы	В088
Білім беру бағдарламасы	Педиатрия
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Балалардың жиі кездесетін ауруларын диагностикалау, дифференциалды диагностикалау және емдеу дағдыларына ие, тиісті құзыреттілігі бар білікті педиатр маманды дайындау.
Білім беру бағдарламасының түрі	жаңа БББ
Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі	6-деңгей
Салалық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі	6-деңгей
Білім беру бағдарламаларының ерекше белгілері	Біріктірілген БББ
Берілетін ғылыми дәреже	«Педиатрия» білім беру бағдарламасы бойынша медицина магистрі
Оқу мерзімі	6 жыл (2023-2029)
Жоғары білім профилі	Жоғары үздіксіз медициналық білім
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Бәсекеге қабілетті, білімнің жеткілікті деңгейі мен кәсіби құзыреттілігіне ие, қазіргі жағдайда балалар халқына өз бетінше және уақтылы медициналық көмек көрсетуге қабілетті және қазіргі заманғы медицина мен ғылымның өзекті мәселелерін шешуге дайын педиатрларды даярлау.
БББ аккредитациясы және сертификациясы	жоқ
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім
Түлектердің біліктілік сипаттамалары	
Мамандық лауазымдардың тізімі	Педиатр-дәрігер
Кәсіби қызмет саласы	Денсаулық сақтау ұйымдары.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	БББ-АМУ-23 Бас. №1 Бет 4 / 161
	6В10125 «Педиатрия» Білім беру бағдарламасы	

	Білім беру ұйымдары (орта арнаулы және жоғары медициналық білім беру мекемелері)
Кәсіби қызметтің функциялары	
Кәсіби қызмет түрлері	18 жасқа дейінгі балаларға педиатриялық көмек көрсету.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	БББ-АМУ-23
	6В10125 «Педиатрия» Білім беру бағдарламасы	Бас. №1 Бет 6 / 161

2. Түлектердің құзыреттілігі және оқу нәтижелері

№	Құзыреттіліктер	№	Бағдарламаның оқу нәтижелері
1	Медициналық білім:	ОН-1	Педиатриядағы негізгі пәндер мен құзыреттерді одан әрі тиімді дамыту үшін биомедициналық, іргелі және әлеуметтік-саяси, лингвистикалық пәндер бойынша білімін көрсетеді.
		ОН -2	Қарым-қатынас дағдыларын, баламен, оның қоршаған ортасымен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін көрсетеді, пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін әріптестерімен және басқа денсаулық сақтау мамандарымен кәсіби қарым-қатынас орнату.
2	Коммуникациялар:	ОН -3	Баланы қарау, анамнез жинау, физикалық тексеру, әртүрлі ағзалар мен жүйелер ауруларының негізгі белгілері мен синдромдарын анықтау және тексеру жоспарын жазу дағдыларын көрсетеді.
Кәсіби құзыреттіліктер			
№	Арнайы құзыреттер		Бағдарламаның оқу нәтижелері Түлектер орындай алады:
3	Клиникалық дағдылар:	ОН -4	Балалардағы әртүрлі ағзалар мен дене жүйелерінің ауруларын диагностикалау мен емдеуге арналған зертханалық, функционалдық, аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын көрсетеді.
		ОН -5	Клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады және балаларға медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады.
		ОН -6	Тәуекелдерді бағалай алады және балаларға медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін дәлелді медицина принциптеріне негізделген ең тиімді диагностика мен емдеу әдістерін қолдана алады.
4	Нормативті-құқықтық білім:	ОН -7	Өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің нормативтік-құқықтық базасында әрекет ете алады, қоғамда қабылданған заңдарды, нормативтік актілерді және этикалық нормаларды ескере отырып, педиатрдың кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті.
5	Кәсібилік:	ОН -8	Клиникалық жағдайға сәйкес емдеу жоспарын тағайындай алады, балаларға негізгі және шұғыл медициналық көмекті, оның ішінде алғашқы және төтенше жағдайларда көмек көрсетуді көрсете алады.
6	Жеке және кәсіби даму:	ОН -9	Өз бетінше білім алуға және кәсіби топтың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.
7	Зерттеулер:	ОН -10	Зерттеу сұрақтарын құрастыра алады, ғылыми жарияланымдарды сыни бағалай алады, халықаралық мәліметтер қорын күнделікті қызметінде тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатыса алады.